

Turkish Weekly

2016/41

WORLD
ENERGY
COUNCIL

ISTANBUL 2016
23rd WORLD ENERGY
CONGRESS

Embracing New Frontiers





Turkic Weekly 2016 30 (4) (10-16 қазан)

Turkic Weekly Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпараттық-сараптамалық дайджест.



23-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОНГРЕСС

Өткен аптада, 9-13 қазан күндері Ыстамбұлда 23-ші Дүниежүзілік энергетикалық конгресс болып өтті. Конгресстің бас тақырыбы «Жаңа мүмкіншіліктерге құшақ жаю» деп аталды. Түркия Президенті Реджеп Тайип Ердоғанның арнайы шақыруы бойынша параға Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев, Ресей Президенті Владимир Путин мен Венесуэла Президенті Николас Мадуро келді.

Сонымен қатар, конгресс жұмысында ықпалды қоғамдық ұйым өкілдері мен аса ірі энергетикалық компания басшылары ат салысты. Сондай-ақ, 23-ші Дүниежүзілік энергетикалық конгреске әлемдік энергетикалық өнеркәсіп жетекшілері, халықаралық ұйымдар, «ақыл орталықтары», университеттер, энергетикалық және өнеркәсіптік орталықтардың 10 мыңнан астам өкілі қатысты.

Түркиялық БАҚ-тың хабарлауынша, Saudi Aramco, BP, Газпром, Shell, Total, Росатом, SOCAR, ЛУКОЙЛ, OMV, EDF, EnBW, ENGIE, TANAP, E.ON, DESFA, CNNC сынды жаһандық энергетикалық алпауыт басшылары мен топ-менеджерлері Ыстамбұлда әлемдік энергетика саласындағы көкейкесті мәселелерді талқылаған.

Аталған парада Түркия премьер-министрі Бинали Йылдырым сөз сөйледі. Ол энергетикалық қорларды әртараптандыру, энергетикалық өнімдер тасымалдау қауіпсіздігінің маңыздылығына тоқталды. Энергетика саласында жүзеге асып, онда Түркия қатысатын жобалар туралы айта келе Бинали Йылдырым Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбыры мен Баку-Тбилиси-Ерзурум газ құбырларының өзектілігін ерекше атап өтті. Премьер-министр Еуропаның энергетикалық қауіпсіздігі тұрғысынан Әзербайжан мен Түркия үшін маңызды Оңтүстік газ дәлізі жобасының өзектілігін айтып, бірнеше бөліктен тұратын бұл жобаның сәтті жүзеге асып жатқанын баяндады.

Әзербайжан басшысы Ильхам Әлиев өз сөзінде: «Дүниежүзілік энергетикалық конгресстің Түркияда өтуі – атаулы оқиға. Бұл әлемдік энергетикалық саясаттағы Түркия беделінің артып келе жатқандығының белгісі. Түркия энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін шешуде маңызды қадамдар жасауда», - деп атап өтті.

Конгреске қатысқан Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин болса қазіргі ахуал соңғы 25 жылдағы мұнай саласына ең төмен инвестициялау көлеміне, жаңа кен орындарын барлау мен көптеген жобалардың жаппай тоқтауына әкелгендігін айтты.

Түркия Президенті Реджеп Тайип Ердоған конгресте кешенді баяндама жасады. Ол «энергетикалық мәселені шешпей, инвестициялар мен даму туралы ойлау артық» деп мәлімдеді. «Біз негізінен Әзербайжан мұнайын тасымалдайтын Баку-Тбилиси-Жейхан жобасын іске асырдық. Сондай-ақ, Оңтүстік газ дәлізінің негізін құрап, осы жоба жалғасы болатын TANAP – Трансанадолы газ құбыры жобасын жүзеге асырып жатырмыз. Келешекте Әзербайжан табиғи газы тек Түркияға емес, еуропалық нарыққа жеткізіледі» - деді Түркия басшысы.



ЕРЕВАНДА ҰҚШҰ КЕҢЕСІ ӨТТІ

14-ші қазан күні Ереванда ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысы өтті. Алқалы басқосуға Беларусь президенті Александр Лукашенко, Қазақстан премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев, Қырғызстан президенті Алмазбек Атамбаев, Ресей президенті Владимир Путин мен Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон қатысты.

Сол күні ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесіне мүше-мемлекеттердің қорғаныс және сыртқы саяси ведомство басшылары мен кеңес хатшылары қару-жарақпен қамтуды стандарттау және әскери кадрларды бірлесіп дайындау мәселелерін талқылады. Бірлескен отырыс барысында қатысушылар келесі жылға арналған жедел және әскери дайындық іс-шараларының ортақ жоспарын бекітті.

Кездесудің басты нәтижелерінің бірі ретінде ҰҚШҰ форматында лаңкестік деп танылған Бірыңғай ұйымдар тізімін қалыптастыру ережесін айтуға болады. Армениялық баспасөз өкілдері таратқан ақпаратқа сәйкес, ол тізімге бекітілген ұлттық заңнама тәртібінде ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттер аумағында террористік әрекет жасаған, жасауға қатысы бар кез-келген ұйым енгізіледі.

ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекет басшыларының қатысуымен өткен кеңес сессиясында тараптар алдыңғы ҰҚШҰ саммиттері шешімдерінің жүзеге асырылу барысы мен биылғы Ұйым төрағасы - Армения ұсынған ұсыныстар ретін қарастырды. Атап айтқанда, кеңеске қатысушылар 2025 жылға дейінгі ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздігі Стратегиясын жүргізу жобалары мен Жаһандық дағдарысқа бірлесіп әрекет ету орталығын құру туралы мәселелерді талқылады.

Кеңес қорытындысы бойынша, ҰҚШҰ төрағалығы Армениядан Беларусь мемлекетіне өтті.



ИЛЬХАМ ӘЛИЕВТИҢ ТҮРКИЯҒА САПАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Өткен аптада Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Түркия басшысының арнайы шақыртуымен Түркияға барды. И.Әлиев жұмыс сапары аясында 23-ші Дүниежүзілік энергетикалық конгреске қатысты. Сонымен қатар, Әзербайжан басшысы Түркия Республикасының Президенті Реджеп Тайип Ердоғанмен және Түркияның өзге де саясаткерлерімен екіжақты кездесулер өткізді.

Түркиялық баспасөз құралдары И.Әлиевтің түрік халқына білдірген қолдауына айрықша мән берген хабарлар таратты. Нақтырақ айтқанда, «Sabah», «Hürriyet» және «Yeni çağ» басылымдары Әзербайжан президентінің Түркияға әдеттегідей ерекше қолдау білдіретінін баса көрсететін мақалалар жариялады. Газеттер, әсіресе И.Әлиевтің Түркияның биылғы шілде айындағы сындарлы сәттен сүрінбей өткені, түрік халқының мемлекеттік төңкерістің алдын алып, мемлекеттілікті қайсарлықпен қорғап қалғаны жайлы Конгрессте айтқан сөздерін негізге ала жазған.

Ильхам Әлиев өз сөзінде: «Түркияның келешекке бастаған сенімді, нық қадамдары бізді шынайы қуантады. Түркия «Үлкен жиырмалықтың» мүшесі. Өткен жылдың қараша айында Антальяда өткен «Үлкен жиырмалық» саммитіне Түркия клубқа мүше емес бір мемлекетті шақыру құқығына ие еді. Сонда Түркия Әзербайжанды шақырды. Бұл түркия-әзербайжан байланыстарын сипаттайтын бір ғана факт. Сол шақырту үшін тағы бір алғыс айтамын», - деді.

Естеріңізге сала кетейік, бұл Ильхам Әлиевтің Түркияға биылғы төртінші сапары.



А.АТАМБАЕВТЫҢ ГРУЗИЯҒА ЖАСАҒАН РЕСМИ САПАРЫНЫҢ КОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Қырғызстан президенті Алмазбек Атамбаев 12-ші қазанда Грузияға жасаған алғашқы ресми сапары аясында Грузия Президенті Георгий Маргвелашвилимен кездесті.

А.Атамбаев өзімен бірге айтарлықтай үлкен делегацияны ертіп барды. Делегация құрамында ҚР сыртқы істер министрі Е.Абдылдаев, ҚР Президент аппараты жетекшісінің орынбасары рангісіндегі сыртқы саясат бөлімінің меңгерушісі С.Исаков, ҚР Әзербайжандағы елшісі А.Боранов, ҚР ішкі істер министрі К.Жунушалиев, ҚР төтенше жағдайлар министрі К.Боронов, ҚР білім және ғылым министрі Е.Сариев, т.б. болды.

Грузиялық БАҚ-тың хабарлауынша, кездесулер барысында тараптар екіжақты қатынастарды ары қарай кеңіту, сауда-экономикалық, инвестициялық, гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылаған.

Қос мемлекет басшыларының кездесуінде Г.Маргвелашвили А.Атамбаевтың Грузияға жасаған алғаш сапары екі ел арасындағы қатынастардың дамуына оң ықпалын тигізеді деген үмітін білдірді. Грузия президенті мәлімдегендей, қауіпсіздік, экономика, білім беру салаларындағы келісімдерге қол қою екі ел байланыстарында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Өз кезегінде А.Атамбаев Грузияға ресми сапармен шақырып, жылы қарсы алғаны үшін Грузия тарапына зор алғысын білдірді. «Біз екіжақты экономикалық қарым-қатынасқа байланысты мәселелерді талқыладық. Әрине, екі ел арасындағы қазіргі тауар айналымына көңіліміз толмайды. Кездесулер барысында сондай-ақ, құқық қорғау органдарының реформасы, туристік әлеуетті дамыту, экспортқа негізделген ортақ өндіріс орындарын құру, гидроэнергетика және басқа да салалардағы ынтымақтастық мүмкіндіктері қарастырылды» – деп мәлімдеді Алмазбек Атамбаев.

Қырғыз Республикасы СІМ сайтында жалпы алғанда, қырғыз делегация мүшелерінің грузин әріптестерімен өткізген барлық кездесулері достық жағдайда өтіп, тараптар жемісті келіссөздер жүргізді делінген.



ТАТАРСТАН-ТУРІКМЕНСТАН: ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТА ТҮСТІ

10-шы қазан күні Ашхабадта түрікмен-татар іскерлік форумы өтті. Форумға Татарстан Республикасының Инвестициялық даму агенттігі, Кәсіпкерлікті қолдау Қоры мен Татарстан Ғылым академиясы өкілдері қатысты.

Татарстан басшысын «Оғызхан» сарайында Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымұхамедов қарсы алды. Түрікмен тарапынан кездесуге министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік концерндердің, ұйымдардың, комитеттер мен банктердің, Өндірісшілер және кәсіпкерлер одағы мен Ғылым академиясының өкілдері, сонымен қатар Жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

Рустам Миннихановтың пікірінше, екі мемлекет арасында мұнай кен орындарын іздеу-барлау жұмыстары, мұнай өндіру, газ тасымалы, автомобиль жасау, энергетика, химиялық өнімдер тасымалы, фармацевтика мен медицина, сондай-ақ ауылшаруашылық кешені секілді салаларда байланыс орнату мүмкіндіктері зор.

Гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты арттыруды қолдаған тараптар Түрікменстан Мен Татарстан Ғылым академиялары арасында жоғары кәсіби білім беру мен маманданған білікті кадрлар дайындау бағыттары бойынша орнаған қарым-қатынастарды тереңдетуге уағдаласты. Бұдан бөлек, денсаулық сақтау, фармацевтика, медицина салаларында тәжірибе алмасу мүмкіндіктері де талқыланды.

Форум нәтижесінде сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық және өзге салалар бойынша 2017-2019 жылдарға арналған үкіметаралық ынтымақтастық бағдарламасына қол қойылды.



ТҮРКІ КЕҢЕСІНІҢ 19-ШЫ ОТЫРЫСЫ

Өткен аптада Ыстамбұл қаласында Түркі кеңесі Жоғары лауазымды тұлғалар комитетінің 19-шы отырысы өтті. Алқалы басқосуға Түркі кеңесін құрушы-мемлекеттер Сыртқы істер министрліктерінің өкілдері мен Түркі академиясы халықаралық ұйымының (TWESCO), ТҮРКСОЙ-дың, Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының, сондай-ақ «Көшпенділер өркениеті» орталығының делегациялары қатысты.

Биыл екінші рет ұйымдастырылған комитет отырысында қараша айында Қырғызстанда жоспарланған Түркі кеңесі Мемлекет басшыларының VI саммитіне дайындық барысы мен Түркі кеңесінің ағымдағы мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, күн тәртібіне сай TWESCO, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры және «Көшпенділер өркениеті» орталығының қызметін айқындайтын құжаттар қарастырылды.

Айта кету керек, Жоғары лауазымды тұлғалар комитеті — Түркі кеңесінің ресми құрылымдық мекемесі. Мұндай форматтағы кездесулер өткізу жайлы шешім 2009 жылғы Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесін (Түркі кеңесі) құру туралы Нахчыван келісімінде бекітілген болатын.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

www.twesco.org | 57-49-86

Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы

Астана, 010000 | Қазақстан

 @intturkicacadem

 <https://www.facebook.com/International-Turkic-Academy-832484896847678/>